

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 474-IV Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы КЕЛІСІМ

(2012 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2012 ж., N 1, 8-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімді, 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және Кеден одағын қалыптастыру туралы шартты негізге ала отырып, ауыл шаруашылығы өнімі саудасының өзара тиімді, әділ және нарыққа бағдарланған жүйесін одан әрі дамытудың қажеттілігін сезіне отырып, Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу кезінде Кеден одағына мүше мемлекеттер позицияларының келісімділігін қамтамасыз ету мақсатында, халықаралық құқық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің нысанасы

1. Осы Келісімнің нысанасы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру қағидаларын белгілеу болып табылады.

2. Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің Бірыңғай экономикалық кеңістігінің аумағында қолданылады және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын № 1 қосымшада көрсетілген тауарларға (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы тауарлары) қатысты қолданылады.

2-бап

Анықтамалар

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

«әкімшілік-аумақтық бірліктер» - Ресей Федерациясының субъектілері және (немесе) Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасының облыстары (Минск, Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда);

«ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау» - ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге Тараптар мемлекетінің үкіметі немесе өзге мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы тікелей не өздері уәкілеттік берген агент арқылы көрсететін қаржылай жәрдем.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін есептеу тәртібі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын № 2 қосымшада берілген;

«субсидиялаушы орган» - Тараптар мемлекеттерінің ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсету саласында шешімдер қабылдауды жүзеге асыратын бір немесе бірнеше мемлекеттік органы не жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

Субсидиялаушы орган Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға қатысты өзіне жүктелген бір немесе бірнеше функцияны орындауды уәкілетті агентке (кез келген басқа ұйымға) тапсыра немесе нұсқау алады. Уәкілетті агенттің осындай іс-қимылы субсидиялаушы органның іс-қимылы ретінде қаралады.

Тарап мемлекеті президентінің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға бағытталған іс-қимылы субсидиялаушы органның іс-қимылы ретінде қаралады.

3-бап

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын саудаға бұрмалаушы әсерінің дәрежесі бойынша жіктеу

1. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары:

1) Тараптар мемлекеттерінің ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шаралар (бұдан әрі - саудаға бұрмалаушы әсерін

тигізбейтін

шаралар);

2) Тараптар мемлекеттерінің ауыл шаруашылығы тауарларымен саудасына мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар (бұдан әрі - саудаға мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар);

3) Тараптар мемлекеттерінің ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар (бұдан әрі - саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар) болып бөлінеді.

2. Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шараларға осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын № 3 қосымшада көрсетілген шаралар жатады.

3. Сауданы мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалайтын шараларға: ұсынылуы осы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шарасын ұсынатын Тарап мемлекетінің аумағынан кез келген басқа Тарап мемлекетінің аумағына ауыл шаруашылығы тауарын жүзеге асырылған немесе болашақта ықтимал әкету нәтижелерімен жалғыз шарт немесе бірнеше шарттың бірі ретінде байланыстырылған ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары. Мұндай қолдау шараларының иллюстрациялық тізбесі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын № 4 қосымшада берілген;

ұсынылуы осы Тарап мемлекетінің аумағында ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру кезінде ауыл шаруашылығына осындай мемлекеттік қолдау көрсететін Тарап мемлекетінің аумағынан ғана шығарылатын ауыл шаруашылығы тауарларын пайдаланумен жалғыз шарт немесе бірнеше шарттың бірі ретінде байланыстырылған ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары жатады.

4. Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларға саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шараларға не саудаға мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін, осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген шараларға жатқызылмайтын шаралар жатады.

4-бап

Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шараларды қолдану

Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізбейтін шараларды Тараптар шектеусіз қолдана алады.

5-бап

Саудаға мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларды қолдану

Тараптар саудаға мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларды қолданбайды.

6-бап

Саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларды қолдану

1. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемінің тұтастай өндірілген ауыл шаруашылығы тауарларының жалпы құнына пайыздық қатынасы ретінде есептелетін, рұқсат етілген көлем ретінде айқындалатын саудаға бұрмалаушы әсерін тигізетін шаралар деңгейі 10 пайыздан аспауға тиіс.

2. Беларусь Республикасы үшін 2016 жылға дейін өтпелі кезең белгіленеді, осы кезең ішінде Беларусь Республикасы рұқсат етілген көлемді мынадай түрде:

2 0 1 1	ж ы л ы	-	1 6	п а й ы з ;
2 0 1 2	ж ы л ы	-	1 5	п а й ы з ;
2 0 1 3	ж ы л ы	-	1 4	п а й ы з ;
2 0 1 4	ж ы л ы	-	1 3	п а й ы з ;
2 0 1 5	ж ы л ы	-	1 2	п а й ы з ;

2016 жылы - 10 пайыз төмендетуге міндеттенеді.

3. Тарап мемлекеті Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылғаннан кейін осы баптың 1-тармағында көрсетілген шаралар деңгейі осындай Тарап мемлекетінің Дүниежүзілік сауда ұйымындағы міндеттемелері шегінде белгіленеді.

7-бап

Хабардар ету

1. Тараптар кезекті жылы жоспарланатын, федералдық және (немесе) республикалық деңгейде жүзеге асырылатын барлық ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламалары туралы бір-бірін жазбаша нысанда хабардар етеді. Хабарламада әрбір Тараптың уәкілетті органдары Тараптар ұсынатын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың мөлшерін және оның осы Келісімге сәйкестігін бағалай алатындай жеткілікті ақпарат қамтылуға тиіс. Тараптар ұсынылатын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы барлық ақпаратты қол жеткізу шектелген ақпарат бөліміне аудармайды. Тараптар хабарламаларды жыл сайын , ағымдағы жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей бір-біріне және Кеден одағының к о м и с с и я с ы н а ұ с ы н а д ы .

2. Тараптар мемлекеттерінің жоғары заң шығарушы билік органдарына федералдық немесе республикалық бюджет жобаларын енгізген кезде Тараптар бір-біріне осы баптың 1-тармағында көрсетілген, осындай жобалардың функционалдық және ведомстволық шығыстар жіктемесінің бөлімдері, кіші бөлімдері мен түрлері бойынша ұсынылатын шығыс бөліктерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды

ұсынудың тәртібі мен көлемдері туралы нормаларды қамтитын хабарламалар жібереді. Бір Тарап мемлекетінде федералдық немесе республикалық бюджет жобасы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды ұсыну бойынша қандай да бір бағдарламаны оған қосу немесе одан алып тастау мақсатында өзгертілген жағдайда тиісті Тарап жобаға өзгерістер енгізілгеннен кейін 30 күннен кешіктірмей бұл туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда хабардар етеді.

Бір Тарап мемлекетінде ағымдағы жылға арналған федералдық немесе республикалық бюджетке ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды ұсынуға қатысты өзгерістер енгізілген жағдайда осы Тарап мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін 20 күннен кешіктірмей бұл туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда хабардар е т е д і .

3. Тараптар мемлекеттерінің әкімшілік-аумақтық бірліктерінің бюджеттері жарияланады не кез келген басқа тәсілмен жария етіледі. Мұндай ақпарат көздерінің тізбесін Тараптардың кез келгенінің сұрауы бойынша Тарап не ол уәкілеттік берген мемлекеттік басқару органы ұсынуға тиіс.

4. Тараптардың уәкілетті органдары есепті жылы тиісті федералдық немесе республикалық бюджетті, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттерін атқару туралы заң күшіне енгеннен кейін екі ай ішінде бір-біріне өз мемлекеттерінің аумағында есепті жылы ұсынылған ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы хабарлама жібереді. Хабарламада Тараптардың әрқайсысының уәкілетті органдары ұсынылатын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың сомасын және оның осы Келісім ережелеріне сәйкестігін бағалай алатындай жеткілікті ақпарат қамтылуға тиіс.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген хабарламаларды беру форматын Тараптар келіседі.

8-бап

Тараптардың жауапкершілігі

Тараптардың бірі осы Келісімнің 5 немесе 6-баптарының ережелерін бұзған жағдайда мұндай Тарап саудаға мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларды немесе саудаға рұқсат етілген көлемнен артық бұрмалаушы әсерін тигізетін шараларды ұсынуды дереу және сөзсіз тоқтатады әрі басқа Тараптарға саудаға мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалаушы әсерін тигізетін қолдау шараларының көлемі немесе рұқсат етілген көлемнен асып түсу мөлшерінде өтемақы төлейді. Егер өтемақы Тараптар келіскен мерзімде төленбеген жағдайда әрбір Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес өтемақы шарасын енгізуге құқылы.

9-бап

Дауларды шешу

1. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар бірінші кезекте Тараптар арасында келіссөздер мен консультациялар жүргізу жолымен шешіледі. Егер дауға бастамашылық еткен Тарап жауапкер Тарапқа келіссөздер мен консультациялар өткізу туралы ресми жазбаша өтініш жіберген күннен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде дау келіссөздер мен консультациялар арқылы реттелмесе, онда талапкер Тарап Қоғамдастықтың Сотына жүгінуге немесе Келісім комиссиясын құруға бастамашы болуға құқылы.

2. Егер талапкер Тарап дауды Келісім комиссиясында шешу туралы шешім қабылдаған жағдайда, ол жауапкер Тарапқа қолдаухат жібереді.

3. Келісім комиссиясы уақытша болып табылады және нақты дауды шешу үшін құрылады. Дау шешілгеннен кейін Келісім комиссиясы таратылады.

4. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Келісім комиссиясының өкілеттігі осы Келісімнің тиісті ережелері аясында Тараптардың кез келгенінің қолдаухатында айтылғандай дауды шешу туралы мәселені қараудан және ұсынылатын шаралардың осы Келісімге сәйкестігі туралы қорытынды шығарудан тұрады.

5. Кез келген Тарап осы Келісімді қолдануға немесе талқылауға қатысты кез келген дауды Келісім комиссиясының қарауына бере алады. Талапкер Тарап қолдаухатта өзінің пікірінше осы дауға қатысы бар шараларды немесе практиканы көрсетеді және осы қолдаухатты басқа Тарапқа өз делдалын тағайындау туралы хабарламамен бірге ұсынады. Сондай-ақ талапкер Тарап Келісім комиссиясының төрағасы лауазымына 3-ке дейін кандидат ұсынады.

Басқа Тарап күнтізбелік 15 күн ішінде екінші делдалды тағайындайды және Келісім комиссиясының төрағасы лауазымына 3-ке дейін кандидат ұсынады.

Екінші делдал тағайындалғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде екі Тарап Келісім комиссиясы төрағасының кандидатурасына қатысты келісімге қол жеткізуге ұмтылады.

6. Егер Тараптар екінші делдал тағайындалғаннан кейін күнтізбелік 20 күн ішінде төрағаның кандидатурасына қатысты келісімге қол жеткізетін жағдайда болмаса, оны Тараптардың өкілдері күнтізбелік 7 күн ішінде осы баптың 9-тармағында аталған үлгі тізімге қосылған және дауға қатысушы Тараптар мемлекеттерінің азаматтары болып табылмайтын адамдар арасынан жеребе бойынша таңдап алады.

7. Келісім комиссиясы 3 мүшеден тұрады (дауға қатысатын Тараптардың әрқайсысының делдалдары және төраға). Төраға тағайындалған күні Келісім комиссиясының құрылған күні болып табылады.

8. Келісім комиссиясының делдалдары мен мүшелері ретінде әрекет етуге әзір және қабілетті адамдардың арнайы білімі немесе құқық, халықаралық сауда саласында, сондай-ақ халықаралық сауда саласындағы халықаралық шарттарға байланысты дауларды шешуге қатысы бар басқа да салаларда тәжірибесі болуға тиіс. Олар Тараптар мемлекеттерінің өкілдері немесе қандай да бір ұйымның өкілдері ретінде емес, өзінің жеке атынан шығып, толығымен тәуелсіз әрекет етуге, Тараптардың ешқайсысымен

байланысты болмауға немесе одан қандай да бір нұсқау алмауға тиіс. Келісім комиссиясының делдалдары мен мүшелерінің үштен бір бөліктен аспайтын бөлігі Тараптар мемлекеттерінің азаматтары бола алады.

9. Тараптар осы Келісім күшіне енгеннен кейін 90 күннен кешіктірмей делдалдар ретінде әрекет етуге әзір және қабілетті 15 адамнан аспайтын үлгі тізім жасайды, әрі олардың 5-еуі Тараптар мемлекеттерінің азаматтары болмауға тиіс.

10. Келісім комиссиясы қабылдаған шешімдер Тараптардың әрқайсысының орындауы үшін міндетті болып табылады.

11. Тараптар дауларды қарау нәтижелерінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

12. Дауларды қарау және барлық шешімдерді қабылдау рәсімге қатысатын Тараптардың теңдігі қағидаты негізінде жүзеге асырылады.

13. Тараптың сұрауы бойынша немесе өз бастамасы бойынша Келісім комиссиясы Тараптардың келісімі болған жағдайда және Тараптар уағдаласуы мүмкін шарттарда кез келген тұлғадан немесе өзі қажет деп санайтын органнан ақпарат немесе техникалық консультация сұрата алады.

14. Келісім комиссиясы басқа Тарап болмағанда Тараптардың ешқайсысымен кездеспейді және онымен байланыс жасамайды. Бір де бір делдал талқылау мәнін басқа делдалдар болмағанда Тараппен немесе екі Тараппен талқыламайды.

15. Келісім комиссиясы осы Келісімнің ережелерін халықаралық бұқаралық құқық нормаларына сәйкес түсіндіреді.

16. Басқа Тараптың шарасы осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейді деп есептейтін Тарапқа осындай сәйкессіздікті дәлелдеу ауыртпалығы жүктеледі.

17. Егер Келісім комиссиясы өзіне қатысты шағым берілген Тарап осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамады деген тұжырымға келсе, ол өзінің шешімінде жауапкер Тараптың осындай бұзушылықтарды жоятын шаралар қабылдауының қажеттігін және өз шешімдерін орындау үшін күнтізбелік 1 жылдан аспайтын ақылға қонымды кезеңді көрсетеді.

18. Жауапкер Тарап Келісім комиссиясының шешімдерін адал орындау арқылы осы Келісімнен туындайтын өз міндеттемелерінің бұзылуын аса шұғыл түрде тоқтатуға тиіс.

19. Егер Келісім комиссиясының шешімдері белгіленген кезең ішінде орындалмаса немесе Келісім комиссиясы жауапкер Тараптың хабардар еткен шаралары осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейді деп шешсе, онда Келісім комиссиясы дауға бастамашылық еткен Тарапқа мөлшерлес қарсы шаралар қабылдауға құқық береді. Қарсы шаралар қабылдау көлемін, мөлшерлілігін және мерзімін Келісім комиссиясы айқындайды.

20. Қарсы шаралар уақытша сипатта болады және оны талапкер Тарап осы Келісімінің нормаларын бұзатын шара жойылғанға немесе осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келетіндей өзгертілгенге дейін немесе Тараптар дауды шешу туралы

дағдаластыққа қол жеткізгенге дейін қолданады.

21. Тараптар келісу рәсімінің шығыстарын тең үлеспен көтереді. Кез келген Тарап шеккен басқа шығыстардың барлығын Тараптың өзі жабады.

10-бап

Кеден одағы комиссиясының өкілеттіктері

Кеден одағының комиссиясына мынадай өкілеттіктер беріледі:

1) Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің тиісті заңнамасын осы Келісімге сәйкестігі тұрғысынан мониторингілеуді және салыстырмалы-құқықтық талдауды жүзеге асыру, сондай-ақ Тараптардың оның ережелерін сақтауы туралы жыл сайынғы есептерді дайындау ;

2) Тараптар мемлекеттерінің тиісті заңнамасын үйлестіруді және біріздендіруді жүзеге асыру мәселелері бойынша Тараптардың консультацияларын ұйымдастыруда жәрдем көрсету.

11-бап

Өзгерістер

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісімнің күшіне енуі

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінде сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	
Ауыл	шаруашылығын	мемлекеттік
қолдаудың	бірыңғай	қағидалары
туралы келісімге 1-қосымша		

Қамтылатын тауарлар

Осы Келісіммен Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының мынадай тауарлары қамтылады:

КО СЭҚ ТН 03 тобын (балық пен шаян тәрізділер, моллюскілер мен өзге де су омыртқасыздары), 1604 (дайын немесе консервіленген балық; бекіре уылдырығы мен балық уылдырығынан дайындалған оны алмастырғыштар) және 1605 (дайын немесе консервіленген шаян тәрізділер, моллюскілер мен өзге де су омыртқасыздары) тауар позицияларын қоспағанда, 1-24 топтары;

КО СЭҚ ТН 2905 43 000 0 субпозициясы (маннит);

КО СЭҚ ТН 2905 44 субпозициясы (D-глюцит (сорбит));

КО СЭҚ ТН 3301 тауар позициясы (конкреттерді және абсолюттерді қоса алғанда, эфир майлары (құрамында терпендер бар немесе жоқ); резинойдтер; тұндырылған эфир майлары; тоң майлардағы, ұшпайтын майлардағы, балауыздағы немесе ұқсас өнімдердегі анфлераж әдісімен немесе мацерациямен алынатын концентраттар; эфир майларын детерпенизациялаудың терпендік жанама өнімдері; су дистилляттары және эфир майларының су ерітінділері);

КО СЭҚ ТН 3503 00 80 1 (құрғақ балық желімі) және 3503 00 800 2 (сұйық балық желімі) кіші субпозицияларынан басқа, 3501 - 3505 тауар позициялары (казеин, казеинаттар және өзге де казеин туындылары; казеинді желімдер; альбуминдер (құрғақ затқа қайта есептегенде құрамында 80 мас.%-дан астам сарысу белогы бар екі немесе одан да көп сарысу белоктарының концентраттарын қоса алғанда), альбуминаттар және альбуминнің өзге де туындылары; желатин (оның ішінде тік бұрышты (шаршыны қоса алғанда) табақтарда, сырттай өңделген немесе өңделмеген, боялған немесе боялмаған) және желатиннің туындылары; балық желімі; жануарлардан алынған өзге де желімдер (3501 тауар позициясындағы казеиндіктерден басқа); пептондар және олардың туындылары; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген өзге де белоктық заттар және олардың туындылары; теріден немесе гольден жасалған, хромдалған немесе хромдалмаған ұнтақ; декстриндер және түрлендірілген өзге де крахмалдар (мысалы, алдын ала желатинделген немесе күрделі эфирге айналдырылған крахмалдар); крахмалдар немесе декстриндер немесе түрлендірілген өзге де крахмалдар негізіндегі ж е л і м д е р) ;

КО СЭҚ ТН 3809 10 субпозициясы (басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, крахмалды заттар негізіндегі өңдеу құралдары, бояуды тездетуге немесе бояғыштарды бекітуге арналған құралдар және өзге де өнімдер мен тоқыма, қағаз, тері-былғары өнеркәсібінде немесе ұқсас салаларда пайдаланылатын дайын препараттар (мысалы, өңдеуге немесе улауға арналған заттар));

КО СЭҚ ТН 3824 60 субпозициясы (сорбит, 2905 44 субпозициясындағы сорбиттен

б а с қ а) ;

КО СЭҚ ТН 4101 - 4103 тауар позициялары (ірі қара малдың (буйволдарды қоса алғанда) немесе жылқы тұқымдас (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, пикелденген немесе басқа тәсілмен консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментке келтіріліп өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге түспеген) жануарлардың түгі бар немесе түксіз, бүлінген немесе бүлінбеген, өңделмеген терілері; осы топқа 1в ескертпемен алып тасталғандардан басқа, қойдың немесе қозының (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, пикелденген немесе басқа тәсілмен консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментке келтіріліп өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге түспеген) түгі бар немесе түксіз, бөлінген немесе бөлінбеген өңделмеген терілері; осы топқа 1б немесе 1в ескертпемен алып тасталғандардан басқа, түгі бар немесе түксіз (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, пикелденген немесе басқа тәсілмен консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментке келтіріліп өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге түспеген, бөлінген немесе бөлінбеген) өңделмеген басқа терілер);

КО СЭҚ ТН 4301 тауар позициясы (4101, 4102 немесе 4103 тауар позицияларындағы өңделмеген терілерден басқа, мамық-үлбір шикізаты (үлбір бұйымдарын дайындауға жарамды бастарды, құйрықтарды, аяқтарды және өзге де бөліктерді немесе қиықтарды қоса алғанда);

КО СЭҚ ТН 5001 00 000 0 - 5003 00 000 0 тауар позициялары (тарқатуға жарамды жібек құртының піллелары; шитті жібек (ширатылмаған); жібек қалдықтары (тарқатуға жарамсыз піллеларды, піллә жіптерінің қалдықтары мен ыдыратылған шикізатты қоса алғанда) ;

КО СЭҚ ТН 5101 - 5103 тауар позициялары (кардтық немесе тарақпен түтуге ұшырамаған жүн; кардтық немесе тарақпен түтуге ұшырамаған, биязы немесе қылшықты жануарлардың қылы; иіру қалдықтарын қоса алғанда, бірақ ыдыратылған шикізатты қоспағанда, жүннің немесе жануарлардың биязы немесе қылшықты қылының қалдықтары) ;

КО СЭҚ ТН 5201 00 - 5203 00 000 0 тауар позициялары (кардтық немесе тарақпен түтуге ұшырамаған мақта талшығы; мақта талшығының қалдықтары (иіру қалдықтары мен ыдыратылған шикізаттарды қоса алғанда); кардтық немесе тарақпен түтуге ұшыраған мақта талшығы) ;

КО СЭҚ ТН 5301 тауар позициясы (шитті зығыр немесе өңделген, бірақ иіруге ұшырамаған зығыр; зығырдың қыл-қыбыры мен қалдықтары (иіру қалдықтары мен ыдыратылған шикізатты қоса алғанда);

КО СЭҚ ТН 5302 тауар позициясы (шитті немесе өңделген, бірақ иіруге ұшырамаған түбіртек (*Cannabis sativa L.*); түбіртектің қыл-қыбырлары мен қалдықтары (иіру қалдықтары мен ыдыратылған шикізатты қоса алғанда).

Ауыл шаруашылығын
қолдаудың
туралы келісімге 2-қосымша

шаруашылығын
бірыңғай

мемлекеттік
қағидалары

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін есептеу тәртібі

1. Ақша қаражатын тікелей аудару

Қолдау көлемі бөлінген және нақты алынған, қайтарымсыз (мысалы, дотациялар, өтемақылар және т.б. түрінде) берілетін қаражат сомасы ретінде есептеледі немесе егер қаражат қол жетімді нарықта (банктік кредит, облигациялар және т.б. нарығында) қалыптасқан шарттарға қарағанда неғұрлым қолайлы шарттарда қайтарымды негізде берілетін болса, қолдау көлемі оларды нарықта алған жағдайда аталған қаражатты пайдалану үшін төлеу талап етілетін сома мен нақты төленген сома арасындағы айырма ретінде есептеледі.

2. Міндеттемені орындау кепілдігін (мысалы, несиелер және қарыздар бойынша кепілдіктер) ұсыну.

Міндеттемені орындаудың ұсынылған кепілдігі бойынша қолдау көлемін сақтандыру қызметтерінің қол жетімді нарығында тиісті міндеттеменің орындалмау қаупін сақтандыру жөніндегі тарифтерге негізге ала отырып төлеу талап етілетін сома мен кепілдік ұсынғаны үшін субсидиялаушы органға төлеу талап етілетін сома арасындағы айырма ретінде айқындаған жөн.

Кепілдіктерді орындау бойынша бюджеттік шығыстар осы тармақтың 1-бөлігіне сәйкес есептелген деңгейден асатын сомамен қолдау көлеміне қосылады.

Тараптар 7-бапта көзделген хабарламаға міндеттемелерді орындаудың мемлекеттік кепілдіктерін ұсыну бойынша мемлекеттік қолдау деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты қосады.

3. Тауарды, қызметті, бағалы қағаздарды, кәсіпорынды (мүліктік кешенді) не оның бір бөлігін, ұйымның жарғылық қорындағы үлесті (акциялар сатып алуды қоса алғанда), басқа да мүлікті, зияткерлік меншік объектілеріне құқықты және т.б. нарықтық бағалардан асатын бағамен сатып алу.

Қолдау көлемі сатып алынған объектілер үшін нақты төленген сома мен осы объектілер үшін нарықта қалыптасқан баға бойынша төлеу талап етілетін сома арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Мемлекеттің акциялар сатып алуға, кәсіпорынның жарғылық капиталындағы өзінің үлесін ұлғайтуға және т.б. жұмсалған, қарапайым инвестициялық практика шарттарына сай келетін шығыстары мемлекеттік қолдау шараларына жатпайды.

4. Мемлекеттің және әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттеріне тиесілі кірістерді өндіріп алудан толық немесе ішінара бас тарту (мысалы, бюджетке төлемдер бойынша борышты есептен шығару және т.б.).

Қолдау көлемі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің бюджет алдындағы орындалмаған қаржылық міндеттемелерінің, оның ішінде қолдау қолданылмаған жағдайда туындауы мүмкін міндеттемелердің сомасына сәйкес келеді. Міндеттемелерді орындау кейінге қалдырылған жағдайда қолдау көлемі қол жетімді кредит нарығында алынған қарыз қаражатының санына тең кейінге қалдырылған міндеттемелерді пайдаланғаны үшін пайыз түрінде төленуі қажет сома ретінде айқындалады.

5. Тауарларды немесе қызметтерді жеңілдекпен немесе өтеусіз ұсыну.

Қолдау көлемі тауарларды немесе қызметтерді сатып алудың (ұсынудың) нарықтық құны мен нақты төленген сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

6. Нарықтық баға деңгейін қолдауға бағытталған шараларды біріктіретін бағалық қ о л д а у .

Бағалық қолдау көлемі оған қатысты реттелетін бағалар не бағаларды реттеу жөніндегі шаралар қолданылатын ауыл шаруашылығы тауарының санын тауарларды қайта өңдеудің сапасы мен дәрежесіне (мысалы, сүттің базисті майлылығы) байланысты ақпаратты түзете отырып, реттелетін ішкі баға мен анықтамалық әлемдік бағаның бөліндісіне көбейтінді ретінде есептеледі. Бағаны қолдауға бағытталған бюджеттік шығыстар (мысалы, сатып алу және сақтау жөніндегі шығыстар) қолдау көлемінің есебіне қосылмайды.

Ауыл	шаруашылығын	мемлекеттік
қолдаудың	бірыңғай	қағидалары
туралы келісімге 3-қосымша		

Тараптардың ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына бұрмалаушы әсерін тигізбейтін мемлекеттік қолдау шаралары

Тараптардың ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына келеңсіз әсерін тигізбейтін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді (бұдан әрі - өндірушілер) мемлекеттік қолдау шаралары мынадай негізгі өлшемдерге сәйкес келуге тиіс:

қолдау тұтынушылар қаражаты есебінен емес, бюджет қаражаты (талап етілмеген кірістерді қоса алғанда) есебінен, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ұ с ы н ы л а д ы ;

қолдау салдары өндірушілердің бағаларын қолдау болмауға тиіс.

Талап етілмеген кірістер деп бюджетке тиесілі міндетті төлемдерді алудан түпкілікті немесе уақытша бас тарту түсініледі.

1. Қызметтер ұсынудың мемлекеттік бағдарламалары.
Жалпы сипаттағы қызметтер.

Мұндай сипаттағы шаралар ауыл шаруашылығы тауарларын өндіретіндерге немесе қайта өңдейтіндерге тікелей төлемдерді қоспағанда, ауыл шаруашылығына немесе

ауыл тұрғындарына қызметтер немесе жеңілдіктер ұсынуға негіз болатын бағдарламаларды орындауға бағыттталатын қаражат (немесе талап етілмеген кірістер) бөлуді көздейді. Мұндай бағдарламалар осы Қосымшада көрсетілген негізгі өлшемдерге сай болуға тиіс және мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін :

1) ғылыми, оның ішінде жалпы сипаттағы зерттеулер, қоршаған ортаны қорғау бағдарламаларына байланысты зерттеулер және нақты өнімдер бойынша зерттеу бағдарламалары ;

2) зиянкестерге және ауруларға қарсы күрестің жалпы шараларын, сондай-ақ нақты тауарға қатысты мысалы, ерте алдын алу жүйесі, карантин және жою сияқты шараларды қоса алғанда, зиянкестерге және ауруларға қарсы күрес;

3) кадрларды жалпы және арнайы даярлау;

4) ақпаратты және зерттеу нәтижелерін өндірушілер мен тұтынушыларға беруді жеңілдету үшін қаражат беруді қоса алғанда, ақпарат тарату, консультативтік қызметтер ;

5) денсаулық сақтау, қауіпсіздік, стандарттау және сапасы бойынша сорттау мақсаты үшін жалпы инспекциялық қызметтерді және жекелеген ауыл шаруашылығы тауарларын тексеруді қоса алғанда, инспекциялық қызметтер;

6) маркетингтік ақпаратты, консультацияларды және нақты ауыл шаруашылығы тауарларын жылжытуды қоса алғанда, маркетинг және ауыл шаруашылығы тауарларын жылжыту жөніндегі қызметтер (нақты емес, бірақ ауыл шаруашылығы тауарларын өткізу бағасын төмендету немесе сатып алушыларға тікелей экономикалық жеңілдіктер беру үшін сатушылар пайдалана алатын мақсаттарға арналған шығыстарды қоспағанда) ;

7) электрмен жабдықтауды, жолдарды және басқа да қатынас жолдарын, базар мен порт жабдығын, сумен жабдықтауды, бөгеттерді және дренаж жүйелерін, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламалармен үйлестіре отырып, инфрақұрылым құру жөніндегі жұмыстарды қоса алғанда, инфрақұрылым жөніндегі қызметтер.

Пайдалану шығындарын жабуға бағыттталатын қаражатты немесе жеңілдіктері бар тұтынушыларға қызмет көрсетуден түгел алынбаған пайданы қоспағанда, барлық жағдайларда қаражат тек күрделі құрылыстар мен жалпыға бірдей қолжетімді инфрақұрылым объектілерін жабдықтауға немесе салуға бағыттталады.

2. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік резервтер құру.

Азық-түлік қорларын жинақтау және сақтау мақсаты үшін берілетін қаражат (немесе талап етілмеген кіріс) Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында айқындалған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама шеңберінде бөлінеді.

Мұндай резервтердің көлемі мен жинақталуы тек қана азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты алдын-ала айқындалған мақсаттарға сәйкес келеді. Резервтерді жинақтау және бөлу процесі қаржы шығындары тұрғысынан транспарентті болуға тиіс. Уәкілетті

мемлекеттік билік органдарының азық-түлік сатып алуы ағымдағы нарықтық бағалар бойынша, ал азық-түлік резервтерінен сату тиісті сападағы нақты өнімнің ағымдағы ішкі нарықтық бағаларынан төмен емес бағалар бойынша жүзеге асырылады.

3. Азық-түліктік ішкі көмек.

Азық-түліктік ішкі көмек - халықтың мұқтаж бөлігіне азық-түліктік ішкі көмек беруге бағытталатын қаражат (немесе талап етілмеген кіріс).

Азық-түліктік көмек алу құқығы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында айқындалған азық-түлікпен қамтамасыз етуге қатысты өлшемдерге байланысты. Мұндай көмек мүдделі тұлғаларға азық-түлікті тікелей жеткізу немесе олардың нарықтық немесе субсидияланатын бағамен азық-түлік сатып алуы үшін қаражат беру нысанында ұсынылады. Уәкілетті мемлекеттік билік органдарының азық-түлік сатып алуы ағымдағы нарықтық бағалар бойынша жүзеге асырылады, ал қаржыландыру мен бөлу

транспарентті болып табылады.

Өндірушілерге тікелей төлемдер.

Өндірушілерге тікелей төлемдер түрінде ұсынылған қолдау (немесе заттай мәндегі төлемдерді қоса алғанда, талап етілмеген кірістер) осы Қосымшада көрсетілген негізгі өлшемдерге, сондай-ақ осы Қосымшаның 5 - 12-тармақтарында көрсетілген тікелей төлемдердің жеке түрлеріне қолданылатын өзге де өлшемдерге сәйкес келуге тиіс.

4. Кірістерді «байланыспаған» қолдау:

1) төлемдерге құқық Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында белгіленген өндірушінің кіріс деңгейі, мәртебесі, өндіріс факторларын пайдалану немесе айқындалған әрі тіркелген базалық кезеңдегі өндіріс деңгейі сияқты өлшемдермен а й қ ы н д а л а д ы ;

2) төлемдер сомасы аталған өндіруші өндірген өнімнің (мал басын қоса алғанда) түрі немесе көлемі негізінде айқындалмайды және оларға байланысты болмайды;

3) төлемдер сомасы өндірілген өнімнің ішкі немесе әлемдік бағалары негізінде айқындалмайды және оларға байланысты болмайды;

4) төлемдер сомасы өндіріс факторлары негізінде айқындалмайды және оларға б а й л а н ы с т ы б о л м а й д ы ;

5) төлемдерді алу үшін өнімді көрсету талап етілмейді.

5. Кірістерді сақтандыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламаларына мемлекеттік билік органдарының қаржылай қатысуы:

1) төлемдерге құқық кірістердегі (бұл ретте, ауыл шаруашылығынан алынған кірістер ғана ескеріледі) алдыңғы үш жылдық кезеңде орташа жалпы кірістің немесе таза кіріс нысанындағы (осындай немесе ұқсас бағдарламалар бойынша алынған кез келген төлемдерді қоспағанда) баламаның немесе ең жоғары және ең төменгі жылдық көрсеткіштер алып тасталған алдыңғы бес жылдық кезең негізінде есептелген үш жылдағы орташа көрсеткіштің 30 пайызынан асатын шығасылармен айқындалады. Осы шартқа сай келетін кез келген өндірушінің төлемдерді алуға құқығы бар;

2) төлемдер сомасы өндіруші көмек алу құқығына ие болған жылдағы өндіруші кірісіндегі шығасылардың кемінде 70 пайызын өтейді;

3) кез келген төлемдер сомасы тек кіріске ғана байланысты болады: ол аталған өндіруші өндірген өнім (мал басын қоса алғанда) түріне немесе көлеміне; немесе осындай өнімнің ішкі немесе әлемдік бағасына; немесе өндіріс факторларын пайдалануға байланысты болмайды;

4) өндіруші осы Қосымшаның осы тармағы және 7-тармағы негізінде дәл сол жылы төлемдер (дүлей апаттар кезіндегі көмек) алған жағдайда, мұндай төлемдердің жалпы мөлшері өндірушінің жалпы шығасыларының 100 пайызынан кем болады.

6. Не тікелей, не мемлекеттік билік органдарының немесе олар уәкілеттік берген ұйымдардың астықты сақтандыру бағдарламаларына, дүлей апаттар кезіндегі көмек тәртібіне қаржылай қатысуы арқылы жүзеге асырылатын төлемдер:

1) төлемдерге құқық мемлекеттік билік органдары дүлей немесе осыған ұқсас апаттың (Тарап мемлекетінің аумағындағы техногендік сипаттағы оқиғаларды, аурулардың өршуін, зиянкестермен залалдануды, ядролық аварияларды және соғысты қоса алғанда) болғанын немесе орын алып отырғанын ресми танығаннан кейін ғана туындайды және алдыңғы үш жылдық кезеңде өндірістің орташа деңгейінің немесе ең жоғары және ең төмен жылдық көрсеткіштер алып тасталған алдыңғы бес жылдық кезең негізінде есептелген үш жылғы орташа көрсеткіштің 30 пайызынан асатын өндірістік шығасылармен айқындалады;

2) дүлей апатқа байланысты жүргізілетін төлемдер, кірістің, мал басының аталған оқиғамен, ауыл шаруашылығы жерінің айналымнан шығарылуымен негізделген шығынына ғана (малға ветеринариялық қызмет көрсетуге байланысты төлемдерді қоса алғанда) және басқа да өндіріс факторларына қолданылады;

3) төлемдер болашақ өнім түріне немесе санына қарамастан, осындай шығасылардың жалпы құнын ғана өтейді;

4) дүлей апат уақытында жүргізілген төлемдер осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған кейінгі шығасылардың алдын алу немесе оларды жұмсарту үшін қажетті деңгейден аспайды;

5) өндіруші осы Қосымшаның осы тармағы және 6-тармағы негізінде дәл сол жылы төлемдер алған жағдайда, мұндай төлемдердің жалпы мөлшері өндірушінің жалпы шығасыларының 100 пайызынан аспайды.

7. Өндірушілердің өз қызметін тоқтатуға түрткі болатын бағдарламалар арқылы құрылымдық өзгерістерге жәрдемдесу:

1) төлемдерге құқық тауарлық ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын тұлғалардың қызметін тоқтатуды жеңілдетуге немесе оларды экономиканың басқа секторларына ауыстыруға арналған бағдарламалар шеңберінде дәл айқындалған өлшемдермен негізделеді;

2) төлемдер көмек алушының тауарлық ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді толық

және тұрақты тоқтатуына байланысты болады.

8. Ресурстарды пайдалануды тоқтату жөніндегі бағдарламалар арқылы құрылымдық өзгерістерге жәрдемдесу:

1) төлемдерге құқық ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру мақсаты үшін үй малын қоса алғанда, жерді немесе басқа ресурстарды пайдалануды тоқтатуға бағытталған бағдарламалар шеңберінде дәл айқындалған өлшемдермен негізделеді;

2) төлемдер жерді тауарлық ауыл шаруашылығы өнімін өндіру саласынан ең аз дегенде үш жылға шығаруға, ал үй малы жағдайында - кейіннен оны одан әрі өсіруден бас тартып, оны союға байланысты болады;

3) төлемдерді іске асыру үшін тауарлық ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге байланысты осындай жерлерді және басқа ресурстарды баламалы пайдалану талап етілмейді және нақтыланбайды;

4) төлемдер өнімнің түрлеріне, санына, өндіріс үшін қалатын жерді немесе басқа ресурстарды пайдалана отырып өндірілген өнімнің ішкі немесе әлемдік бағаларына байланысты болмайды.

9. Инвестицияларды ынталандыру арқылы құрылымдық өзгерістерге жәрдемдесу:

1) төлемдерге құқық объективті дәлелденген құрылымдық шығасылардың салдарынан өндірушінің қызметін қаржылық немесе физикалық қайта құрылымдауға жәрдемдесуге арналған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде нақты айқындалған өлшемдермен негізделеді. Мұндай төлемдерге құқық ауыл шаруашылығы алқаптарын мемлекет иелігінен шығару жөнінде нақты айқындалған үкіметтік бағдарламаға да негізделуі мүмкін;

2) төлемдер сомасы осы тармақтың 5) тармақшасында көзделгендерді қоспағанда, осы өндіруші өндірген өнім түрлері немесе көлемі (мал басын қоса алғанда) негізінде айқындалмайды және оларға байланысты болмайды;

3) төлемдер сомасы нақты тауарлардың ішкі немесе әлемдік бағалары негізінде айқындалмайды және оларға байланысты болмайды;

4) төлемдер тек қана олар арналған инвестицияларды іске асыру үшін қажетті уақыт кезеңіне беріледі;

5) қандай да бір нақты өнімді өндірмеу талабын қоспағанда, төлемдерді жүзеге асыру кезінде қолдауды алушы өзінің қандай ауыл шаруашылығы тауарын өндіруге тиіс екенін алдын ала ұйғармайды және ешбір түрде көрсетпейді;

6) төлемдер құрылымдық шығасыларды өтеу үшін талап етілетін сомамен шектеледі.

10. Қоршаған ортаны қорғау бағдарламалары бойынша төлемдер:

1) төлемдерге құқық мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау немесе сақтап қалу бағдарламасына қатысумен негізделеді және өндіріс әдістеріне немесе қажетті материалдарға қатысты шарттарды қоса алғанда, осы мемлекеттік бағдарламада көзделген нақты шарттардың орындалуына байланысты болады;

2) төлемдер сомасы мемлекеттік бағдарламаның орындалуына байланысты қосымша шығыстардың немесе кірістегі шығасылардың мөлшерімен шектеледі.

11. Өңірлік көмек бағдарламалары бойынша төлемдер:

1) мұндай төлемдерге құқық қолайсыз өңірлердегі өндірушілерге беріледі. Қолайсыз өңір Тараптың ұлттық заңнамасында айқындалған әкімшілік және (немесе) экономикалық аумақты білдіреді;

2) мұндай төлемдердің сомасы ауыл шаруашылығы тауарының (мал басын қоса алғанда) түрлері немесе көлемі негізінде айқындалмайды және оларға байланысты болмайды, бірақ осы тауар өндірісінің қысқаруына байланысты болады;

3) мұндай төлемдердің сомасы нақты тауарлардың ішкі немесе әлемдік бағалары негізінде айқындалмайды және оларға байланысты болмайды;

4) төлемдер көмекке құқығы бар өңірлердегі өндірушілерге ғана беріледі және осындай өңірлердегі барлық өндірушілер үшін қолжетімді;

5) өндіріс факторларына байланысты төлемдер өндірістің осы факторы бойынша шекті деңгейден жоғары регрессивті шәкіл бойынша жүзеге асырылады;

6) төлемдер белгіленген аумақтағы ауыл шаруашылығы тауарларының өндірісіне байланысты қосымша шығыстардың немесе кірістегі шығасылардың мөлшерімен шектеледі.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісімге 4-қосымша

Тараптардың ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасын мейлінше жоғары дәрежеде бұрмалайтын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларының иллюстрациялық тізбесі

Осы Келісімнің мақсаттары үшін 3-баптың 3-тармағының бірінші абзацына сәйкес мемлекеттік қолдау шаралары ретінде мыналар танылады:

осындай тауарларды әкету нәтижелеріне байланысты субсидиялаушы органның нақты өндірушілерге, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер тобына немесе бірлестігіне тікелей төлемдерді (заттай мәндегі төлемдерді қоса алғанда) жүзеге асыруы ;

субсидиялаушы органның ауыл шаруашылығы тауарларының коммерциялық емес қорын Тарап мемлекетінің ішкі нарығында сатып алушыларға ұсынылатын ұқсас тауар бағасынан төмен бағамен басқа Тарап мемлекетінің аумағына сатуы немесе әкетуге ұсынысы ;

ауыл шаруашылығы өніміне немесе басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкетілетін өнім жасалған ауыл шаруашылығы өніміне арналған алымдардан түсетін пайда

есебінен қаржыландырылатын төлемдерді қоса алғанда, мемлекеттік қаражат есебінен болсын-болмасын, үкімет қолдауымен қаржыландырылатын ауыл шаруашылығы тауарын басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкету кезіндегі төлемдерді жүзеге асыру;

субсидиялаушы органның тиеу-түсіру жұмыстарына, өнім сапасын жоғарылатуға жұмсалатын шығыстарды және қайта өңдеу жөніндегі өзге де шығыстарды, сондай-ақ халықаралық тасымалдауға байланысты шығыстарды қоса алғанда, маркетингке және басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкету үшін ауыл шаруашылығы тауарларын жылжытуға (экспортты және консультациялық қызметтерді дамытуға жәрдемдесу жөніндегі кең таралған қызметтерді қоспағанда) жұмсалатын шығындарды азайту үшін қ а р ж ы л а й қ о л д а у к ө р с е т у і ;

ішкі тұтынуға арналған ауыл шаруашылығы тауарларын тасымалдаған кездегіден гөрі неғұрлым қолайлы шарттарда басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкетуге арналған ауыл шаруашылығы тауарларын тасымалдау үшін ішкі тарифтерді белгілеу;

ауыл шаруашылығы тауарларын басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкетуге арналған өнімге қосуға байланысты оларға мемлекеттік қолдау көрсету.

Осы мәтін 2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында: Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.В.Кобяков, Қазақстан Республикасының Үкіметінен - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е.Шөкеев, Ресей Федерациясының Үкіметінен - Ресей Федерациясының Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары И.И.Шувалов қол қойылған Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісімнің түпнұсқасының толық және дәлме-дәл көшірмесі болып т а б ы л а т ы н ы н р а с т а й м ы н .

Түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Б а р л ы ғы 27 п а р а қ т і г і л д і ,
қолмен және мөрмен бекітілді.

Е у р А з Э Қ И н т е г р а ц и я л ы қ
Комитетінің Хатшылығы құқықтық
департаментінің басшысы В.С.Князев
13.12.2010 ж.

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і
Халықаралық құқық департаментінің
Басқарма бастығы Б. Пискорский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК